

**Туристік-өлкетану бағытындағы балаларға қосымша білім беру ұйымдары директорларының республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысының ұсынымдары**

2014 жылғы 20 қараша

Астана қ.

Мемлекеттің, қоғамның және тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін, олардың мотивациялық күш-қуатын дамыту, балалар мен жастардың әртүрлі қызығушылықтарын қанағаттандыру мүмкіндіктерін кеңейту, тұлғаның өзін-өзі дамыту және анықтау құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім беру орталығы Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдер (бұдан әрі – Тұжырымдамалық тәсілдер) жобасын әзірледі.

Қазақстанда туристік-өлкетану бағыты еліміздің ұзақ мерзімді келешегіндегі инновациялық дамуының маңызды құрамдас бөлігі, ұлттық экономиканың экологиялық қауіпсіз және экономикалық тиімді саласы ретінде қарастырылады.

Балалар және жасөспірімдер туризмінің белсенді түрлерін дамыту ішкі туризмнің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Бүгінгі күні республиканың бірқатар өңірлерінде балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытын дамыту бойынша тиімді шараларды жүзеге асыру тәжірибесі қалыптасты. Сонымен қатар, бұл практика үздік тәжірибелерді жалпылауды және тарату қажет етеді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерінің жобасы әзірленді.

Бұл жоба білім басқармасының, туризм және спорт, дене шынықтыру мәдениеті, туристік бағыттағы қоғамдық және жастар ұйымдары органдары, жергілікті жердегі және орталықтағы мемлекеттік билік органдары арасындағы құзыреттілікті шектеу ұстанымына сүйене отырып, балалар және жасөспірімдер туризм жүйесін басқаруды жетілдіру тәсілдемелерін қарастырады.

Аталған жоба білім беруді басқару, туризм және спорт, дене шынықтыру мәдениеті, туристік бағыттағы қоғамдық және жастар ұйымдары органдары, орталықтағы және жергілікті жерлердегі мемлекеттік билік органдары арасындағы құзыреттілікті шектеу ұстанымына сүйене отырып, балалар және жасөспірімдер туризм жүйесін басқаруды жетілдіру жолдарын және механизмдерін қарастырады.

Тұжырымдамалық тәсілдерді жүзеге асыру балалар және жасөспірімдер туризмінің инфрақұрылымын дамытудың негізгі аспектілерін қамтамасыз ету және тартымдылығын арттыруға, осы саланы тиімді мемлекеттік реттеу механизмін құруға және қолдауға мүмкіндік туғызады.

Мәжіліске қатысушылар Тұжырымдамалық тәсілдер жобасын талқылап, туристік-өлкетану бағытын дамытудың тиімді жолдарын, оның ішінде жалпы білім беру мектептері оқушыларының экскурсиялық және туристік сапарларын ұйымдастыру бойынша келесі ұсынымдарды әзірледі:

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігіне**  
**(Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті, РҚБӨӘО):**

- отырысқа қатысушылардың ұсыныстарын ескере отырып, Тұжырымдамалық тәсілдер жобасын өңдеу;

- педагогикалық қоғамдастық және басқа мүдделі тұлғалар арасында кеңінен талқылау үшін Тұжырымдамалық тәсілдер жобасының мәтінін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің және Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының сайттарында орналастыру;

- Тұжырымдамалық тәсілдер жобасын облыстардың, Астана, Алматы қалаларының және аудандардың әкімдіктеріне жолдау;

- Үйлестіру кеңесінің ұсынымдарын ескере отырып, балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту бойынша кешенді жүйелі шараларды әзірлеуді қамтамасыз ету;

- жоғары оқу орындарында педагог кадрларды дайындау бойынша білім беру бағдарламаларына «Балаларға қосымша білім беру педагогикасы» пәнін енгізу мүмкіндігін қарастыру;

- Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың жол картасына енгізуге үшін Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігіне (бұдан әрі - ҚР ИДМ) Тұжырымдамалық тәсілдер жобасын және оларды жүзеге асыру жоспарын енгізу;

- Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерінің жобасын түсіндіру бойынша педагогтер үшін республикалық семинар-практикумдар ұйымдастыру.

**Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігіне**  
**(Туризм департаменті):**

- Қазақстан Республикасында туристік саланы дамытудың жол картасына Тұжырымдамалық тәсілдерді әзірлеу туралы тармақ енгізу мүмкіндігін қарастыру;

- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігімен бірге Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту бойынша кешенді шараларды жүзеге асыруға ықпал ету;

- Тұжырымдамалық тәсілдер жобасын ескере отырып, балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту бойынша ведомствоаралық және өңіраралық өзара әрекеттестікті жергілікті деңгейдегі территориялық органдармен ұйымдастыру мәселелерін қарастыру;

- ҚР ИДМ территориялық департаменттеріне мүдделі ұйымдармен бірге Тұжырымдамалық тәсілдерді жүзеге асыру механизмдері бойынша өңірлік жоспар әзірлеуді тапсыру.

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне**

**(Тұтынушылардың құқықтар қорғау комитеті):**

- балаларды автобуспен, темір жол көлігімен тасымалдау, шатырлы лагерьлер, қосымша білім беру және балалар демалысы ұйымдарының қызметін ұйымдастыру саласындағы санитарлық нормаларды және ережелерді қайта қарау;

- шатырлы, киіз үйлі лагерьлер, жорықтар (бір күндік, екі күндік және т.б), үшін тамақтандыру нормаларын бекіту бойынша ұсыныстарды дайындау;

- балалар мен жасөспірімдер ішінен баратын туристердің алыс және жақын шетелдерге шығу ережелерін әзірлеу.

#### **Жергілікті атқарушы органдар:**

- орта білім және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері және басшыларымен, мүдделі органдармен, ата-аналар қоғамдастығы және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен Тұжырымдамалық тәсілдер жобасын талқылау бойынша дөңгелек үстелдер өткізу;

- Балалар мен жасөспірімдер туризмі жүйесін дамыту мәселелері бойынша өңірлік Үйлестіру кеңестерін құру;

- Тұжырымдамалық тәсілдер жобасына ұсыныстар мен толықтырулар енгізу;

- Тұжырымдамалық тәсілдер механизмдерін ескере отырып, өңірлік жоспарлар әзірлеу мүмкіндігін қарастыру;

- Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерін жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарының жобасына қаржылық есептеуді дайындау және а.ж. 20 желтоқсанда ҚР Білім және ғылым министрлігіне енгізу;

- балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту мәселелері бойынша педагогтер үшін өңірлік семинар-практикумдар ұйымдастыру.

#### **Республикалық үйлестіру кеңесінің мүшелеріне, жас туристер станциялары және орталықтарының директорларына:**

- Тұжырымдамалық тәсілдер жобасын ұжымдармен талқылауды өткізу;

- Балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту бойынша өңірлік жоспарларға ұсыныстар енгізу;

- Үйлестіру кеңесінің ұсынымдарын өз құзыретінің шегінде жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

- өңірлік сайттарда балалар мен жасөспірімдер және жастар туризміне арналған арнайы бөлімдер әзірлеу;

- балалар және жастар үшін интерактивті экскурсиялық және туристік жолбағдарлар әзірлеу және жасау;

- туристік-өлкетану бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту.